

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BJIX5375>

***А. Т. Ташекова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5491-2791>

**БЕКМҰРАТ УАХАТОВТЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ БАЛАЛАР
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ**

Аталмыш мақалада қазақ ауыз әдебиеті кеңістігіндегі балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуы тарихын зерттеудегі фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеу нысанысының мазмұны қарастырылады. Халық ауыз әдебиеті аясындағы балалар фольклорының қалыптасу тарихы жүйеленіп, Бекмұрат Уахатовтың зерттеулері арқылы жаңаша ғылыми пайымдаулар негізінде сараланып және ғалымның концепциялық ұстанымы басқа фольклорист ғалымдар пікірімен салыстыра қарастырылып, сонымен қатар фольклортануға қосқан жаңашыл қозғарасы, қосқан үлесі зерделенеді.

Балалар фольклорының тарихы тек қазақ фольклористикасы тұрғысында ғана емес, туысқан түркі тектес ұлттар мен халықтардың балалар фольклорының ерекшеліктерімен салыстыра қарастырылып, тақырыптық, жанрлық, сюжеттік, поэтикалық табиғатына баға беріледі.

Бекмұрат Уахатов алғаш рет балалар фольклорын философиялық, психологиялық, педагогикалық, этнографиялық тұрғыда қарастырып, бала санасы тұрғысынан және ата-ана, қоғам тұрғысынан өлең көркемдігіне талдау жасайды. Осы принцип негізінде балалар фольклорының жиналу реті мазмұн-мәні, айтылу шарты туралы жасалынған пайымдауларына баға беріледі.

Бекмұрат Уахатов балалар өлеңдерін поэтикалық тұрғыдан алғаш рет жан-жақты талдаған ғалым ретінде танылып, эпикалық таным жүйесін саралаған тұжырымдары отбасылық гұрып фольклорының кешенді бір тармағы екендігіне сипаттама берілді.

Кілтті сөздер: фольклортану, Бекмұрат Уахатов, отбасылық сұрып фольклоры, балалар өлеңдері, балалар фольклоры, көркемдік ерекшеліктер.

Кіріспе

Қазақ ұлтының ауыз әдебиетінің алғашқы нұсқалары кешенді түрде жиналып зерттелуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Қазақ фольклорын зерттеп, жинаушылар ол уақытта балаларға арналған фольклорды жеке қарастырған жоқ, тек ауыз әдебиетінің бір саласы тұрғысында бесік жыры, тақпақтар, жұмбақтар, өтірік өлеңдер сияқты белгілі жанрларға саралап, жанама түрде аталып жүрді. Бұған дәлел, Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында өтірік өлең жиынтығы беріледі. Бұл ретте балалар фольклорының мән-маңызын ерекше таныта білген Дала ұстазы Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» (1879) қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерінен балалардың білімі мен тәрбиесіне қарай нысаналы түрде жинақталған балалар фольклорының орны мен мазмұны ерекше екені сөзсіз. [4, 12-б.] Қазақ ұлтының ауыз әдебиеті арқылы берілетін тәлім-тәрбие қазығы қазақ ұрпағы үшін қуатты да күшті екенін ол өте жақсы білді. Ұлт ұрпағының дүниетанымы мен ой-санасының көркемдігі, сөз жоқ, оның сөз өнеріндегі көрінісінде байқалады. Отбасы фольклорының негізі болып есептелінетін – балалар фольклорының жиналуы мен зерттелуі бүгінгі таңда да өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Қазақтың балалар фольклорының мазмұны көбінесе тәрбие мен тәлімге негізделген. Мақаланың материалы ретінде қазақ балалар фольклоры мен жалпы түркі тілдес халықтардың балалар фольклорының жиналуы мен зерделенуіне, көркемдік ұқсастықтары мен айырмашылықтарына барынша көңіл бөліп зерттеу жүргізген фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеу жұмыстары нысана ретінде алынды. Зерттеу мәселелесі бойынша ғылыми еңбектерді сұрыптау, талдау, сараптама жүргізу, мәтіндік талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ балалар фольклорын кешенді түрде жинақтап, қағазға түсірген және өздері де балаларға фольклорлық мазмұндағы шығармашылықтарымен танылған Алаш қайраткерлерінің еңбегі зор. Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтан бастап, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, Н. Құлжанова, М. Жолдыбаев, Б. Майлин, М. Әуезов сияқты Алаш зиялылары өздерінің педагогикалық еңбектері мен әдеби шығармашылықтарында балалар ауыз әдебиетінің мол үлгілері танылды.

Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, жарапазан, бесік жыры сияқты терминдер алғаш ғылыми айналысқа түсіп, ғылыми тұрғыда мән беріліп, зерделенді. Ғалым ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерінің балаларға арналған ауыз әдебиетінен бастау алатынын ерекше атап көрсетті.

Х. Досмұхамедовтің 1924 жылы жарыққа шыққан «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде бала табиғаты мен тілінің дамуы жөніндегі мәселені анықтауға көп еңбек етті. Ол қазақ баласының ойлау қабілеті мен сөйлеу көркемдігінің тұтастығын сөз тағылымы арқылы дамитынын айта келіп, оның қуатты күші ауыз әдебиеті екенін айтады.

Қазақ ауыз әдебиеті кеңістігіндегі балалар фольклоры жөнінде кең ауқымда зерттеген заңғар жазушы – ғалым М. Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» мен 1932 жылы жазылған С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» ғылыми зерттеулерінде ауқымды пікір білдіре отырып, балалар фольклорын көркемдік тұрғыда тынысы кең екенін атап көрсетеді. Әсіресе өтірік өлең шумақтарының сюжеті мен жанрлық тұрқының тұтастығындағы поэтикасына жоғары баға береді [1, 12-б.].

Балалар фольклорының дүниетаным кеңістігінің күрделілігі мен қарапайымдылығы, танымдылығы мен сөз өріміндегі біртұтсатық шеберлікті айқын анықтайды.

Кеңес дәуірінің солақай саясаты үстемдік құрғанымен қазақ фольклортанушылары мен педагогика ғылымындағы зерттеушілер өз еңбектерінде түрлі деңгейде атап айтсақ, Х. Арғынбаев, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, Н. Оршыбеков, А. Төлеубаев, Е. Сағындықов сияқты ғалымдардың зерттеліп, өзіндік тұжырым-пайымдары келтіріліп жүрді [13].

Ең алғаш «балалар фольклоры» атты терминді Ш. Ахметов өз зерттеулеріне арқау етіп алып, «Балалар әдебиеті» деген жеке толыққанды жеке түсінік қалыптастырды.

Балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен, эстетикалық талғамдылығымен бағалы. Жалпы, «халықтың көкейтесті ой-арманын, тілегін бейнелеген, оның рухани және эстетикалық қажеттеріне сай келген ежелгі қазақ поэзиясы бізге өзінің білімдік, танымдық, эстетикалық қасиеттері мол мәңгі өшпес үлгілерімен де, поэзияны дамытудың сарқылмас қайнар бұлағы ретінде қызмет етіп келгендігімен және қызмет етіп отырғандығымен де қымбат», - дейді ғалым М. Қаратев. [2, 13-б.] Балалар фольклоры өзінің поэзиялық әрі прозалық түрімен терең танымдық қызмет атқарса, оның тәрбиелік функциясы да аса

қарқынды күшке ие. Соның ішінде бала тәрбиесі – балалар фольклорының басты нысанасы. «Әрбір ұлттың бала тәрбия қылу туралы жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиясы баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбияшы, сөз жоқ, ұлт тәрбиясымен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлтты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбияшы баланы сол ұлт тәрбиясымен тәрбия қылуға міндетті» [3, 13-б.].

Фольклорист ғалым С. Қасқабасов: «...«Балалар фольклоры» деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жағайды. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар да, үлкенді-кішілі түрлі мақсатпен айтылатын өлең-жырлар да бар. Бұған қоса ойынға байланысты және ертегі, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін ырғақты прозаның да балалар фольклорынан алатын орны ерекше. Дегенмен, ауыз әдебиеті үлгілерінің кез келгенін, мәселен, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді балаларға лайықты іріктеп, өңдеп жариялауға болғанымен, олардың барлығын «балалар фольклоры» деген ұғымға толығымен жатқызуға болмайды» - деген пікір білдірген.

Жоғарыдағы айтылған пікірлерді сараптай келе екі жақты пікірге келуге болады. Біріншіден, ауыз әдебиетінің кез келген жанрларынан балаларға үлгі боларлықтай, тәрбиелік маңызы зор шығармаларды жиі кездестіреміз. Бірақ олар балалардың өзіне ғана арналған, болмаса балалардың өз шығармашылығының негізінде пайда болған халық ауыз әдебиетінің белгілерін сипаттай алмайтынын білеміз. Ал ертегі, аңыз-әңгімелер, төрт түлік жырларының, жұмбақтардың үлкенге де, балаларға да қатысы бар екені айдан анық.

Ғалым, фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында балалар өлеңдеріне жеке бөлім арнап, көркемдік поэтикасына талдау жасады. «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» кітабында оның түркі тектес халықтардың, атап айтсақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, татар, хақас фольклорымен ортақ сабақтастығында қарастырып, шығармашылық өріміне тоқталады. Міне, осы кезеңнен бастап, халық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде жеке балалар фольклоры болып қарастырылып, ішкі жанрлық түрлері жан-жақты зерттеледі.

Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан-салалы, соған лайықты олардың атқаратын қызметі де әр түрлі. Бекмұрат Уахатов зерттеу еңбектерінде дәстүр бойынша оларды шығу, орындау ерекшеліктеріне қарай үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ, негізінен, балалардың репертуарында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екі салаға жіктеу қалыптасқан», – дейді [4, 386-б.].

Қазақ халықының балаларға арналған өлеңдерін екі түрге бөліп қарастыруға болады.



Осыған орай, балаларға арналған өлеңдердің авторларына қарай отырып – балалар шығармашылығы және ата-аналар шығармашылығы деп екі бөліп қарастыруға болады. Бұл принцип тек қазақ фольклорында ғана емес, көптеген халықтардың (түркі тектес халықтары, орыс, беларус халықтары) фольклорлық зерттеулерінде де кездестіруге болады [5].

Сонымен қатар өлең тақырыбы мен мазмұны, баланың жас ерекшелігі, ол өлеңді кім орындайды, қандай жағдайды орындайды деген көптеген сипаттарды ескеру керек. Мысалы, «әлди-әлди ақ бөпем» деп басталатын өлеңдер олар «Бесік жыры» болып табылады. Бесік жырын баланың анасы немесе әжесі орындаған, кейбір кезде есі білген балалар өз іні-бауырларына үлкенлерге еліктеп орындап жатқанын кездестіруге болады. Демек, бесік жырын орындаушы да, авторлары да үлкендер деген қорытындыға келеміз. Аталмыш топқа «Әлди бөпемнен» басқа «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Көкем менің қайда екен», «Бірім-бірім», «Ақ білек», «Тәй-тәй балам» сияқты өлеңдер кіреді. Аталмыш шығармалардың мазмұны тақырыптас болғанымен, бұл өлеңдер балалардың жас ерекшеліктеріне, дүниетанымдық ерекшеліктеріне және ойлау қабілетіне қарай тәртіппен саралаған жөн. Бесікке бөленген баланы ұйықтату мақсатында немесе тыныштандыру үшін анасы оған әлдилеп өлең айтады. Ел ішінде де, фольклорда да мұны «Бесік жыры» деп атайды.

Бесік жыры – ананың ішкі монологі деп те айтуға болады. Жалпы, ана үшін бала ол бауыр еті, баласынан тәтті де, қымбат ешнәрсе жоқ. Сол сезімнің барлығын жеткізу үшін ана өз әлди өлеңінде баланы барша жақсы кейіпкерлер мен заттарға, әртүрлі жақсы мінездерге теңейді:

Әлди, әлди шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жапанға біткен терегім...

Айналайын, шырағым,
Жағамдағы, құндызым,
Әуедегі жұлдызым...

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүні көрпешім,
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім... [6, 94–97-бб.]

Жоғарыда келтірілген мысалдардың ананың балаға деген ыстық сезімін, мейірін көруге болады. Кез-келген ата-ананың асқақ арманы біреу. Ол асқақ арман – баласының жарқын болашағы. Сондықтан анасы келешекке көз жүгірткендей баласын бірде білекті батырға, бір де төрт түліктің тілін білетін малшыға, бірде он саусағынан өнері тамған шеберге немесе бір ауыз сөзбен мәселені шешешін шешенге теңеп армандайды.

Айыр қалпақ киісіп, Ақырып жауға тиісіп, Батыр болар ма екенсің? Құрығыңды майырып,	Түнде жылқы қайырып, Жаудан жылқы айырып, Жігіт болар ма екенсің? [6, 95-б.]
--	---

Аталмыш өлең жолдардан тек ананың арманын ғана емес, қазақ елінің тағдырынан туған тілек. Себебі, қазақ үшін төрт түлік қасиетті ұғым, сондай-ақ мал өсіріп, қоныс іздеп, жат жұртпен жері үшін соғысып жүрген көшпелі ел үшін бұдан асқан бақыт жоқ еді.

«Қуыр-қуыр қуырмаш, балапанға бидай шаш» өлеңі баланың алақанын қытықтап, көңілін аулау, күлдірту үшін қолданылса, «Тәй, тәй балам» (Тұсау кесу) баласының алғашқы қадамын қызықтап айтылған өлең. «Тұсау кесу» өлеңінің ырғағы мен сөзі кішкентай баланың жүрексініп, қадымдап басқан аяқ салысына ыңғайлап шығарылғандай. Әуеніне келетін болсақ жеңіл, баяу, ритмі бірқалыпты тактіде құрылған:

Қаз-қаз балам, қаз балам, Қыдым бассаң мәз болам, Күрмеуінді шешейін, Тұсауынды кесейін. Қаз-қаз балам, қаз балам,	Тақымыңды жаз балам, Қадамыңа қарайық, Басқаныңды санайық... [7, 21-б.]
--	--

Өледегі «қаз-қаз» деген сөздің мағынасы – аяғыңды қаздаң-қаздаң басып, нық басып жүре ғой дегенді білдіреді. Алайда, сол сөзді толық алмай, тек бастапқы буынын ғана алған. Мұнда да үлкен мән-мағына бар. Себебі,

үзіп-үзіп, нақ айтылатын ырғақ баланың аяқ алысын жеңілдетеді, әрі өлеңнің тактісіне ілесіп тез жүріп кетуіне себепкер болады.

Балалар өсіп, өз аяғымен жүруге жарап қалған 2–3 жасар шамасында оның тілі де шығып, ой-санасы мен дүниетанымы да біріндеп жетіле бастайды. Тілі шыққан бала әр нәрсені айтып, сөйлегенсіп, тілі келсін-келмесін ата-анасының сөздеріне қосылып қайталап отыруға тырысады. Міне, сол кезде ата-анасы баласын аймалап, еркелетіп, бірде алақанын қытықтап, бірде саусақтарын санаса, ал кейде тізесіне ат қылып отырғызып алып ойната бастайды. «Ақ білек», «Қуыр-қуыр, қуырмаш», «Бірім-бірім» сынды өлеңдер баланың осындай жас ерекшеліктерінен дүниеге келген.

Ал білек, ал білек,	Отан тілін ал білек,
Балбыраған бал білек,	Мал ішіне бар білек...
Ауылың толы мал білек,	[8, 40-б.]
Атқа тоқым сал білек,	

Бұл өлеңдер бір тұсынан баланың сөйлеу машығын дамытуға, ой-санасын ұлғайтуға көмек болса, ал тағы бір тұсы еңбекқорлық пен еңбек сүйгештікке, шапшаң болып өсуге тәрбиелейді. Баламен балаша сөйлесе отырып, оның келешек өміріне дұрыс бағыт-бағдар беру – ата-ананың парызы, әрі сол парызды қазақ халқында дұрыс орындағанын фольклорлық шығармалардан байқауға болады.

Балалар шығармашылығы деп аталатын екінші бөлімге балалардың ойын-сауық үстінде айтылатын өз өлеңдері кіреді.

Бағзы заманнан бастап балалар әртүрлі салтқа байланысты өтетін қазақтың ойын-тойларына қатысқан. Көктемнің басы – жаңа жыл – Наурыз күндерін де, отыз күн ойынын, қырық күн тойын өткізетін үйлену тойларында да үлкендермен біргеқызықтап, соның басы-аяғында болатын, соның бәрінде де балалар ересектерге еліктеп, солардың айтқан өлең-жырларын айтатын.

Профессор Б. Ерзакович қазақтың ән өнерінің бірі – балалардың ойын өлеңдері екенін атап өтіп, оның жанрлық, музыкалық ерекшелігіне тоқталады. Кең дархан даланың құшағында еркелеп өскен балалар бірде жаздың жауынды көңілді шағын қызықтап өлең шығарса, бірде мал баққан көшпелі елдің өмірін, жан-жануарлардың дүниесін өлеңге қосып, оны әртүрлі ойын үстінде орындайтын болған дейді. [8, 44–45-бб.]

Сақылдаған сары аяз кетіп, көптен күткен жалпы тіршілік аясы жанданатын көктем келгенде, дүниенің барлығы көк желекке орануымен байланысты балалардың асыр салып, әндетіп, ойынауы да сөзсіз көбейіп, көңілдері көтеріңкі болады. Көгалда жатып көсіліп, күншуақтап шешініп маз болған балалар жадыраған жазды көңілді әнмен қарсы алады:

Балақай-ау, балақай,	Жаз келеді-ау, алақай!
Жаз келеді-ау, алақай!	Сайдан жидек тереміз,
Жалаң аяқ жүреміз,	Сан қызықты көреміз.
Балақты да түреміз,	Алтыбақан тебеміз,
Көлден балық сүземіз,	Тау мен тасты кеземіз.
Жалтылдатып тіземіз.	[8, 42-б.]
Балақай-ау, балақай,	

Бұл өлеңдер де балалардың жасына, мінезіне лайықты образдар мен мотивтер, күлкілі құбылыстар жиі қолданылады. Мысалы:

Қырғауылы қызыл екен,	Бұты сынған екен...
Құйрық жүзі ұзын екен,	[8, 258-б.]
Мұзға мінген екен,	

Осындай қисынсыз жайлардан күлкі тудыратын суреттер немесе пісіріп отырған сиырдың сүтін «көбелек келіп көлп етіп, жапалақ келіп жалп етіп ішіп кетуі» тәрізді әрекеттер бала қиялынан туған поэтикалық сипаттар.

Қазақ халқының күнделікті өмірінде ер бала мал бағып, ер-тұрман дайындау, қыз бала болса, анасына қолқабыс етіп, сиыр сауу, жүн түтіп, киіз-құрым басу секілді үй-ішінің бар жұмысына араласқан. Осындай күнделікті тіршілікте жүрген кездежас балалар үлкендерге қосылып бірге өлең айтып, өз түсініктерінің дүниетанымында әртүрлі тақырыпта өлеңдер, тақпақтар, ойын сөздерін шығарған. Көшпелі өмір салтында көшіп-қонып жүрген ескілікті тұрмыстың суретін айнытпай көрсете білген:

Ертең ауылым көшеді,	Ақ сандық,
Уық бауын шешеді,	Көк сандық,
Қара қойым қашады,	Арқан тарт,
Құмалағын шашады,	Кілем арт! [8, 256-б.]

Бала қиялынан туған детальдар – уық бауын шешіп, үйін жығып, дүние-мүлкін артынып-тартынып жатқан малды ауылды көз алдына келтіреді.

Жас балалардың ойын тақпақтары да мал өсімімен тіршілік қылған елдің тұрмысына лайықты, сол тұрмыстың санасын, сезімін көрсетеді. Мұның шындығын саусақ санау ойынындағы:

Сен тұр – қозына бар!	Сен тұр – сиырына бар!
Сен тұр – қойыңа бар!	Сен тұр – түйеңе бар!
Сен тұр – жалқыңа бар!	[9, 256-б.]

Ешкі бақтым, еңіреп бақтым,
 Қой бақтым, қоңырау тақтым.
 Сиыр бақтым, сидаң қақтым,
 Жылқы бақтым, жорғалаттым.
 Түйе бақтым, түйме тақтым,
 Лақ бақтым, жылап бақтым [8, 260-б.]

Бүкіл өмірін ашық аспанды табиғат құшағында өткізетін көшпелі елдің балаларына, әрине, табиғат тамашасын қызықтап өлең шығару да дағдылы іс болған. Мысалы, «Айгөлек, айгөлек, айдың басы дөңгелек», «Жау, жау, жаңбыр жау, жаңбыр» деп келетін суреттер табиғаттың әдемі, сұлу көріністеріне құмартып, сүйсінуден туған.

Жаздың жайма шуақ кеңшілігін пайдаланған балалар ұзақты күн ойын соңында болып, талай күлкілі ойын түрлерін ойлап тапқан. Олардың ішінде, «Асау мәстек», «Соқыр теке», «Үй артында қол ағаш», «Қазық бау» сияқты ойындар балалардың дүниетанымын кеңейтеді, ал физикалық тұрғыдан денелерін шынықтырады.

Ойын сөздері де қызықты, әрі көңілді және күлкілі:
 Әй, ер екенсің білейін, Құламасаң теңкейіп,
 Ешкі сойып берейін, Ерлігіңе сенейін... [8, 44-б.]
 Тақия алсаң еңкейіп,

Жаман, қотыр «мәстекке» міне алмай құлап жатқан құрбы-құрдастарымен қалжыңдасып, күлкі етеді.

Балалар аң мен құс, жан-жануарлар туралы талай көп өлең-тақпақтар шығарылған:

Ай, көбелек, көбелек,
 Қанатың неге дөңгелек
 немесе:
 Ала қанат сауысқан
 Арық атқа жабысқан...
 Қарқ-қарқ еткен қарғалар,
 Қанды көрсе жорғалар... [10, 44-б.]

Өлең жолдарынан балалардың байқағыш сезімталдығының, әр нәрсені өзінше көзқарасымен суреттейтінін байқауға болады.

Сонымен, балаларға арналған өлеңдердің жасалынуы, стилі мен композициясы жағынан екі түрлі болып келеді. Мұның біріншісі монолог түрінде келетін «Әлди, әлди, бөпем» тектес арнау өлеңдер болса, екіншісі – оқиғалы сюжетке бейімделген өлеңдер тобы болып табылады. Біріншісінде әр жол, әр шумақ сайын келетін «Әлди, әлди, бөпем» немесе «Ал, білек, ал білек» деген сияқты рефрен біркелкі ұйқаспен аяқталып отырады.

Өлеңнің ритмі баяу, эпитет, теңеулерге бай, мәтінді әркім өз қалауынша ұзартып, ұлғайта беруіне де болады. Ал екінші типтегі өлеңдер бас-аяғы бүтін, нақтылы сюжетке бағынады, бір шумақпен, әрі кетсе, екі шумақтың көлемінде оқиғаны аятап, түйіп тастайды.

Балаларға арналған өлеңдердің көркемдік әдісі мен тәсілдерді әр алуан. Бірде дәстүрлі лирикалық өлеңдердің көркемдік құралдарына негізделсе, енді бірде балалар өздеріне тән, өзіндік стильді пайдаланады. Бұл өлеңдерде халықтың күнделікті тұрмысының нақты суреттермен қатар өмірді көркемдеп суреттеуде аз емес. Біріншіден ауыз екі сөйлеу интонациясына сүйенсе, екіншіден ауыспалы мағынада келетін көркемдік құралдарының көмегімен жасалған.

Балалардың ойын-сауық қимылдарына негізделген өлеңдерде диалог, арнау, сұрақ-жауап сияқты стильдік ерекшеліктер көп кездеседі. Өлең көңілді күлкіге, фантастикалық элементтерге бай. Мысалы, сұрақ-жауап түрінде келетін:

- Ауылың қайда? - Қошқар тауда.
- Асқар тауда. - Қойың не жейді?
- Қойың қайда? - Жусан жейді.

- Мұз-мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам,
Бауырымды жаңбырға тестірмес едім.
- Жаңбыр-жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам,
Жерге жұтқызар ма едім... [8, 258–259-бб.]

Әл алуан құбылысты шамадан тыс асыра сілтеп немесе шамадан тыс төмендету балалардың психологиясынан, фантазиясы мен қиял-сезімінен туған.

Ескілікті салт өлеңдерінің өзге түрлері секілді қазақтың бесік жыры орыс, украин, литва, сондай-ақ түркі тілдес халықтырында қырғыз, қарақалпақ балаларының осы типтес өлеңдері арасында да біраз ұқсастықтар кездеседі. Мысалы, қазақтың жылаған баланы уатып, алдандыру үшін оған бір де жілік шағып берейін бірде құймақ құйып берейін деп келсе, орыс халықтарында «варю-варю кашу» болып келеді [11]. Ал көрші қырғыздар мен қарақалпақ елдерінде айтылатын бесік жырының, тіпті, жалпы балалар өлеңдерінің қазақ өлеңдерінен айырмасы жоқтың қасы [12]. Образ, сюжет ұқсастықтарын былай қойғанда, көптеген шумақтар бірін-бірі дәлме-дәл, сөзбе-сөз қайталайды.

Соған қарағанда балалар өлеңдерінің түп төркіні қазақ, қырғыз, татар, қарақалпақ, өзбек халықтарының әлі ұлт пен ұлыс болып бөлінбеген кезеңнен басталғанына көз жеткіземіз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «АР22683553 – Бекмұрат Уахатовтың фольклортанушылық қызметі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Сөз түйінінде, балалар өлеңдері ежелгі қазақ өмірінің тәрбиелік қайнар көзі, қазақ баласының тәрбиелеудің кешенді бір танымдық қазығы тәрізді халық шығармашылығының салалы бір күретамыры. Осы тұрғыда фольклорист ғалым Б. Уахатов балалар фольклорын жеке салалық аспектіде зерттеудің алғашқы үлгісін ұсынды, отбасылық ғұрыптық фольклордың үлгісі ретінде балалар фольклорының тұтастану заңдылықтарын алғаш назарға алды.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Қасқабасов, С.** Қазақ фольклоры мен әдебиетінің тарихы [Мәтін] // Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Тіл, әдебиет сериясы. – 1988. – № 7.
- 2 **Ісләмжанұлы, К.** Рухани уыз [Мәтін] // Алматы : Ана тілі. – 1995. – 146 б.
- 3 **Ахметов, Ш.** Қазақ балалар әдебиеті [Мәтін] // Алматы. – 1974. – 358 б.
- 4 Уахатов, Б. Қазақтың халық өлеңдері [Мәтін] // Алматы : Жазушы. – 1974. – 495 б.
- 5 **Аникин, В. П.** Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор [Текст] // Москва. – 1957. – 240 с.
- 6 Казахская народная поэзия [Текст] // Алма-ата. – 1964. – Б. 94–97.
- 7 **Ахметов, Ш.** Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері [Мәтін] // Алматы. – 1965. – Б. 21.
- 8 **Ерзакович, Б.** Песенная культура казахского народа [Текст] // Алма-Ата. – 1966.
- 9 **Турсунов, Е. Д.** Генезис казахской бытовой сказки [Текст] // Алма-Ата. – 1973. – 152 с.
- 10 **Қасқабасов, С. А.** Жаназық. Әр жылғы зерттеулер [Мәтін] // Астана : Аударма. – 2002. – 584 б.
- 11 **Messerli, A.** Kinderfolklore. [Text] // Enzyklopadie des Marchens. Bd. 7. – Berlin, New York. – 1993. – P. 1269–1278

12 **Nureeva, G. I., Mingazova, L. I., Ibrayeva, A. T., Faridovna, K. G.** Literary Drawing Room : Children's Poetry Translated by R. Minnullin [Text] // Journal of Sociology and Social Anthropology. – Volume 10. – Issue 4. – P. 186–191. – ISSN 0976-6634. – DOI : [10.31901/24566764.2019/10.04.310](https://doi.org/10.31901/24566764.2019/10.04.310).

13 **Tashekova, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs [Text] // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518–198X (Print). ISSN 2663–5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

References

1 **Kaskabasov, S.** Kazak fol'klory men adebietinin tarikhly [History of Kazakh folklore and literature] [Text] // Kazak SSR GA khabarlary, Til, adebiet seriyasy. – 1988. – № 7.

2 **Islamzhanuly, K.** Rukhani uyz [Spiritual colostrum] [Text] // Almaty : Ana tili, 1995. – 146 p.

3 **Akhmetov, Sh.** Kazak balalar adebietinin khrestomatiyasy [Kazakh children's literature] [Text] // Almaty, 1974. – 358 p.

4 **Uakhatov, B.** Kazaktyn khalyk olenderi [Kazakh folk poems] [Text] // Almaty : Zhazushy, 1974. – 495 p.

5 **Anikin, V. P.** Russkie narodnye poslovicey, pogovorki, zagadki i detskij fol'klor [Russian folk proverbs, sayings, riddles and children's folklore] [Text] // Moskow, 1957. – 240 p.

6 Kazakhskaya narodnaya poeziya [Kazakh folk poetry] [Text] // Alma-ata, 1964. – P. 94-97.

7 **Akhmetov, Sh.** Kazak balalar adebieti tarikhynyn ocherkteri [Essays on the history of Kazakh children's literature] [Text] // Almaty, 1965. – P. 21

8 **Erzakovich, B.** Pesennaya kul'tura kazakhskogo naroda [Song culture of the Kazakh people] [Text] // Alma-Ata, 1966.

9 **Tursunov, E. D.** Genezis kazakhskoj bytovoj skazki [The genesis of the Kazakh household fairy tale] [Text] // Alma-Ata, 1973. – 152 p.

10 **Kaskabasov, S. A.** Zhanazyk. Ar zhylygy zertteuler [The funeral. Research for each year] [Text] // Astana : Audarma, 2002. – 584 p.

11 **Messerli, A.** Kinderfolklore. [Text] // Enzyklopadie des Marchens. Bd. 7. – Berlin, New York, 1993. – Sp. 1269-1278

12 **Nureeva, G. I., Mingazova, L. I., Ibrayeva, A. T., Faridovna, K. G.** Literary Drawing Room : Children's Poetry Translated by R. Minnullin [Text] // Journal of Sociology and Social Anthropology. – Volume 10. – Issue 4. – P. 186–191. – ISSN 0976-6634. – DOI : [10.31901/24566764.2019/10.04.310](https://doi.org/10.31901/24566764.2019/10.04.310).

13 **Tasheкова, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518–198X (Print). ISSN 2663–5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

08.07.24 ж. баспаға түсті.

30.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Т. Ташекова*

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 08.07.24.

Поступило с исправлениями 30.07.24.

Принято в печать 26.08.24.

ПОЭТИКА ДЕТСКОГО ФОЛЬКЛОРА В ФОЛЬКЛОРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ БЕКМУРАТА УАХАТОВА

В данной статье рассматривается содержание предмета исследования ученого-фольклориста Бекмурата Уахатова в изучении истории развития и становления детского фольклора в пространстве казахской устной культуры. Систематизирована история становления детского фольклора в рамках устной народной литературы, дифференцированы на основе новых научных суждений посредством исследований Бекмурата Уахатова и концептуальная позиция ученого сравнивается с мнением других ученых-фольклористов, а также изучается новаторский подход, вклад в фольклористику.

История детского фольклора рассматривается не только в контексте казахской фольклористики, но и в сравнении с особенностями детского фольклора наций и народов тюркского происхождения, дается оценка тематической, жанровой, сюжетной, поэтической природы.

Бекмурат Уахатов впервые рассматривает детский фольклор в философском, психологическом, педагогическом, этнографическом контексте, анализирует художественность стихотворения с точки зрения детского сознания и с точки зрения родителей, общества. На основе этого принципа дается оценка суждений детского фольклора, составленных по содержанию-сущности, условию произношения.

Бекмурат Уахатов был признан ученым, впервые всесторонне проанализировавшим детские стихи в поэтическом плане, и его труды были

описаны как комплексная ветвь семейного ритуального фольклора с его выводами, дифференцирующими эпическую систему познания.

Ключевые слова: фольклористика, Бекмурат Уахатов, фольклор семейных обрядов, детские стихи, детский фольклор, художественные особенности.

**A. T. Tashekova*

Toraighyrov University,
Republic Of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 08.07.24.

Received in revised form 30.07.24.

Accepted for publication 26.08.24.

POETICS OF CHILDREN'S FOLKLORE IN FOLKLORE STUDIES BY BEKMURAT UAKHATOV

This article discusses the content of the research object of the folklorist scientist Bekmurat Uakhatov in the study of the history of the development and formation of children's folklore in the space of the Kazakh oral tradition. The history of the formation of children's folklore in the framework of folklore is systematized, the research of Bekmurat Uakhatov is analyzed on the basis of new scientific judgments and the conceptual position of the scientist is compared with the opinion of other folklorist scientists, as well as his innovative approach and contribution to folklore studies is studied.

The history of children's folklore is considered not only in the context of Kazakh folkloristics, but also in comparison with the peculiarities of children's folklore of related peoples and peoples of Turkic origin, the thematic, genre, plot, poetic nature is evaluated.

For the first time, Bekmurat Uakhatov examines children's folklore in philosophical, psychological, pedagogical, ethnographic terms, analyzes the artistic nature of the poem from the point of view of the child's consciousness and from the point of view of parents and society. On the basis of this principle, an assessment of the developed judgments of children's folklore about the order of collection, the content-essence, the condition of pronunciation is given.

Bekmurat Uakhatov was recognized as a scientist who for the first time comprehensively analyzed children's poems from a poetic point of view, and his conclusions, which differentiated the epic system of knowledge, were characterized as a complex branch of family ritual folklore.

Keywords: folklore studies, Bekmurat Uakhatov, family ritual folklore, children's poems, children's folklore, artistic features.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz